

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Денсаулық-зор байлық

ЖАРИЯЛАНДЫ
15.11.2019СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/62885/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

«Ақтолқын» бөбекжай балабақшасы.

Ұйымдастырылған оқу қызметі.

Тақырыбы:

«Денсаулық-зор байлық!»

«Күншуақ» тобы.

Тәрбиеші: Ажитова Т.Н.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Білім беру саласы: Денсаулық.

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Дене шынықтыру.

Тақырыбы: «Денсаулық-зор байлық!»

Мақсаты: Баланың дене бітімінің сұлулығын қалыптастыру.Қимыл-қозғалыс қабілетін дамыту.Салауатты өмір салтын сақтау.Дені сау,рухы таза ұрпақ тәрбиелеу.

Дамытушылығы: Қимылдар орындау қабілеттерін қалыптастыру.Бұлшықеттер мен қол-аяқтың үйлесімді қимылын дамыту.

Тәрбиелігі: Қимыл-қозғалыс арқылы тепе-теңдікке,ептілікке,жылдамдыққа тәрбиелеу.

Қолданылатын құрал-жабдықтар: доптар,жіптер,шығыршықтар,шарлар.

Оқу қызметінің кезеңдері

Тәрбиешінің басқару әрекеті

Балалардың іс-әрекеті

Мотивациялық - қозғаушылық**Тренинг: (Эмоция әлеміне саяхат).**

Ойын арқылы балалардың білімдерін жетілдіру. Ойын түрлерін қолдану арқылы баланың жеке қасиеттерін қалыптастыру. Көңіл-күйлерін көтеру.

-Сәлеметсіздер ме, балалар!
-Балалар, сіздерді көргеніме өте қуаныштымын. Кәне, бәріміз келген қонақтармен амандасайық.
-Бәріміз шаттық шеңберіне жиналайық.

-Сәлеметсіздер ме!
Балалар шаттық шеңберіне тұрады.

Шеңбермен жүреді.

Тоқтайды.
Қолдарын екі жаққа созады.
Амандасып, құшақтасады.
Балалар көздерін жұмып, көз алдарына елестетеді.

Шаттық шеңбер:

Ән салуға барамыз,
Досымызды табамыз.
Сәлемет пе міне мен,
Доспын енді сенімен.

-Балалар, ыңғайланып отырыңыздар. Көзімізді жұмайық. Денемізді бос ұстап, тынышталайық. Көз алдымызға атып келе жатқан шуақты таңды елестетейік.
Біз жалғыз аяқ жолмен келе жатырмыз дейік. Таза ауа, сылдыраған мөлдір бұлақ суы, құстардың сайраған үні. Біз жеңіл дем аламыз. Күш қуатымыз молайып, тұрғандай сезінеміз. Біз әлемдегі ең бақытты жанбыз.
(Балалар, енді көзімізді ашайық).

**Ұйымдастыру
шылық-ізденістік****Жан-жақты дамытушы жаттығулар:**

Бір сап болып залға кіреді.

Бір қатарға тұрып, жаттығуларды орындайды.

Қолға, белге арналған жаттығулар:

Жай жүру, қолды кеуде тұсына қойып жүру.

Жүгіру.

Аяқтың ұшымен, өкшемен, сыртымен жүру.

Табанға арналған жаттығулар:

Матаның үстіндегі табанға тиекті басып жүру.

Шығыршықтан секіріп, келесі табаға тиекті басып

жүру.

Өткелден өту:

Целафан үстіндегі қалқаннан басып, суға түспей

өтеміз.

Сергіту сәті: (музыка әуенімен теледидардан көру

арқылы қайталап жасау).

Негізгі дамыту жаттығулары:

1. Допты екі қолымен желке тұсынан лақтыру.

2. Допты екі қолымен бір-біріне беру.

3. Доппен алға, артқа, екі жанға, екі жаққа кезек-кезек

іілу. Алға қарай ұмтылу. Аяқтарын бүкпей, еденге

допты тигізу. Тік тұру.

4. Қос аяқпен допша секіреміз.

5. Допты екі қолымен желке тұсынан дәлдеп, сеткаға

салу үшін белгілі бір шығыршықтың ішінде

тұрып, лақтыру.

1. Доптар сайысы: Эстафета.

- Балалар, ендеше, сендерді доптар сайысына

шақырамын.

(Балалар екі топқа бөлінеді).

«Жұлдыздар» тобы.

Ұраны: Шынықсаң шымыр боласың.

«Күншуақ» тобы.

Ұраны: Дені саудың-жаны сау.

2. Себетке жинап үлгір.

Кішкентай доптарды жарыса себетке жинау.

3. Кім жылдам?

Допты басынан асырып, келесі балаға кезекпен беру.

3. Секіріп жет:

Үрленген допқа отырып, межеге жетіп кері қайту. Қай

топ бірінші орындаса, сол топ жеңіске жетеді.

Жаттығуларды
орындайды.

**Рефлексиялық-
түзетушілік****Біз бүгін:**

-Допты екі қолымызбен желке тұсымыздан лақтыруды үйрендік.
-Көңіл-күйіміз көтерілді ме?
-Бізге ұнады ма?
-Олай болса, ашық оқу қызметімізді қорытындылайық.

-Иә.
-Ұнады.

Мықты болып өсеміз!

Сәби шақтан бастап біз,
Шынығуды сүйеміз.
Ашық күнмен қоштасып,
Жалаң аяқ жүреміз.

Балалар өлеңді қайталап айтады.

Қыста, жазда әрдайым,
Ауырмаймыз бәріміз.
Шынықтыру жасап біз,
Мықты болып өсеміз.

-Міне, балалар, денсаулығымыз мықты болып өсу үшін,
бірнеше жаттығуларды жасап, көрсеттіңдер. Дендерің сау болсын! Аман болыңыздар!

Балаларды мадақтау.
Қорытындылау.

Қол ұстасып тұрайық,
Шеңберді біз құрайық.
Көріскенше күн жақсы,
Сау-саламат болайық.

Күтілетін нәтиже:

Орындайды: доппен орындалатын жаттығуларды;

Түсінеді: допты желке тұсынан қалай лақтыру керек екенін;

Қолданады: жүру түрлерін, қол ұстасып шеңбер жасауды;

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.